

сауаттылықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Интернет-ресурстарды қоса отырып, БАҚ арқылы құқықтық насихаттың сапасын арттырумен көлемін кеңейту, заңнаманы және құқық қолданудың өзекті проблемалары бойынша, атап айтқанда, азаматтардың күнделікті өмірінде жиі қолданылатын құқық салаларында ғылыми зерттеулерді жандандыру құқықтық саясат тұжырымдамасында көрсетілген.

**Олжас САТЫБАЛДИЕВ,**  
аудандық Әділет басқармасының жылжымайтын мүлікке  
құқықтарды тіркеу саласының бас маманы.

## **МЕНИҢ УНИВЕРСИТЕТИМ** **ЖОҒАРЫ БІЛІМ - ҰСТАХАНАСЫ**

Қара шаңырағымыз Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің іргетасы 1934 жылы қаланған. ҚазҰУ-ды еліміздің барлық жоғары білім беру жүйесінің тірегі, білікті мамандар ордасы санайды. Бүгінде ҚазҰУ ерекше мәртебесі бар Қазақстанның жетекші классикалық университеті, білім мен ғылымды инновациялық дамытудың ұлттық көшбасшысы. Еліміздің жоғары оқу орындары арасындағы бірінші Қазақстан Республикасы Президентінің “Сапа саласындағы жетістіктері үшін” сыйлығының иегері.

Университетімізде 20 000-ға жуық студент білім алада. Он төрт факультеттен тұратын университетте үш мыңға жуық профессор-оқытушылар құрамы студенттерге білім беріп келеді. Университеттің “Казгуград” қалашығы студенттердің құтты мекеніне айналып, білім алуына барлық мүмкіндік жасалған. Ө.Жолдасбеков атындағы 1600 орындық студенттер сарайы, кітап қоры бай кітапханасы, спорткешені мен стадион, технопарк, студенттер үйі, медициналық орталық студенттерге қызмет жасайды. Университет ИНТЕРНЕТ желісіне қосылған. 3500 заманауи компьютерден тұратын корпоративтік ақпараттық жүйе құрылған. Сондай-ақ, компьютер сыныптары мен Интернет залдары жұмыс істейді. Интернет жүйесі студенттерді оқуға ынталандыруға, олардың үлгерімі мен болашақ жұмыс орнында білімін практикалық қолдану қызығушылығына ықпал ететін ірі корпоративтік желі. ҚазҰУ қалашынының барлық аймағы Wi-Fi сымсыз желісімен қамтылған. Университет аумағының кез-келген нүктесінде әр студент университет бірлестігінің желісінде жұмыс істеумен қоса, интернетке тегін қосылу мүмкіндігіне ие. Сонымен қатар, тәулік бойы істейтін 300 орындық жаңа Интернет-кафе жұмыс істейді. Ғылыммен айналысқысы келетін студенттер үшін дәстүрлі “Ғылым өлемі” сияқты конференция, форумдар ұйымдастырылып тұрады. Инновациялық жобаларға күштар, заман ағымынан қалмауға тырысатын студенттер үшін әр факультетте бизнес-инкубаторлар, технопарк қызмет етеді.

ҚазҰУ-талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен. Сыйластық пен шынайы достықтың мекені. ҚазҰУ-адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін мекен.

**Гүлжан БОЛАТОВА,**  
филология ғылымдарының докторы, доцент.  
Самат ОРАЛ,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық  
университетінің студенті.

